



ланған жоқ, өйткені дәл осы салада қазіргі жағдайларда азық-түлік нарығының ақшалай айналымының негізгі бөлігі шоғырланады [1].

Ол үшін қажет:

- классикалық әдістерді қолдану негізінде қауіп шараларын сандық есепке алуды негіздеу, кәсіпорынның инвестициялық қызметінде қауіптің сапалық шамасын сипаттайтын көрсеткіштерді пайдалану мүмкіндігін анықтау;

- аймақтың агроөнеркәсіптік кешенінің қайта өңдеу салалары кәсіпорындарының инвестициялық қызметіндегі қауіптерді басқару сапасын арттыру бағыттарын қалыптастыру механизмінде мониторинг жүйесін негіздеу;

- сапалық сипаттамаларын бағалау әдіс-темесін қолданумен агроөнеркәсіптік кешенінің инвестициялық саласында қауіптерді басқару бойынша практикалық ұсынымдар әзірлеу, мысалы қайта өңдеу салалары кәсіпорындарының шаруашылық қызметі.

Инвестициялық шешім негізінде жалпы қарауда инвестицияларға қатысты субъектілердің экономикалық мүдделері жатыр. Агроөнеркәсіптік кешенді басқаруда инвестициялық шешімдер ерекше айырықшылыққа ие. Сонымен қатар аграрлық өндірісте инвестициялық шешімдер шешім ауқымдылығы және белгісіздікпен шарттасқан нәтижелерді алу ұзақ мерзімділігімен сипатталады. Осыған байланысты АӨК-дегі инвестициялық қызметтің барлығы стратегиялық бола бермейді, тек өзінің мақсатымен басқа-рушылық әсер ету объектісін қалыптас-тыруды түбегейлі өзгерту ғана. Бұл басқару объектісін сапалы өзгертуді топшылайды, соның барысында сыртқы қоршаған орта мен өзара қарым-қатынастың ішкі құрылымы, құрамы мен сипаты қайта құрылады.

Қойған мәселеге қатысты екі көзқарас бар. Бірінші жағынан, қаржы тұрғысынан стратегиялық шешімдерді инвестициялық тұрғысынан қарау ұсынылады, сәйкесінше оларды негіздеу үшін сыртқы ортаның ықпалын есепке алуға бейімделген инвестициялық талдау әдістерін пайдалану керек. Екінші жағынан, шешімдердің екі түрінің арасындағы ұқсастық таза сыртқы, ал айырмашылық сондай маңызды болғандықтан, стратегиялық инвестициялық шешімдерді негіздеу үшін жаңа концепция мен әдіснаманы әзірлеу қажет, олардың негізінде: кәсіпкерлер (инвестициялық жобалардың бастамшылдары); инвестициялық жобалар, әлеует (қаржы, материалдық-техникалық, зияткерлік, ақпараттық, басқарушылық); инвестициялық жобаларды іске асыруға арналған инвестициялар және пайда; инвестиция көлемі, инвестициялар алу

мерзімі және шарттары; болжам пайда, жобалардың инвестициялық қауіптері. Әлеуеттік инвест-торлар іздеу, консалтингтік фирмалармен байланыстар, аймақтық және мемлекеттік басқару органдарымен, сонымен қатар басқа инвестициялық қызметтегі субъектілермен байланыс.

Ауыл шаруашылығы өндірісін дамытуда негізгі капиталға инвестициялар басты рөл атқарады, олардың дамуына ел экономикасының, аграрлық саланың тиімділігі байланысты. Алайда, ауыл шаруашылығының негізгі капиталына инвестиция көлемі республика инвестициясының жалпы көлемінде тек 1,9% құрайды, бұл бәсекелестікке қабі-летті ауыл шаруашылығы өнімінің ұдайы өндірісі үшін жеткіліксіз, саланы материал-дық-техникалық қамтамасыз етуге елеулі әсер етпейді [2].

Соңғы онжылдық ішінде машина-трактор паркінің саны 3 есеге қысқарды, жылына жаңғырту – 2-3% артық емес пайдаланудан шығады, яғни айырмашылық 6-7 есе. Нәтижесінде бір трактор мен комбайнға жүктеме есті, бұл егін шаруашылығының ғылыми негізделген жүйесін сақтауға теріс әсер етеді, өсімдік шаруашылығы өнімін өндіруге шығындар артады. Сонымен қатар мал шаруашылығы үймереттерімен және жабдығымен қамтамасыз етілуі өндірістік үрдістердің кешендік механикаландыруды енгізуге мүмкіндік бермейді, сондықтан қол еңбегі басым.

Экономиканың аграрлық саласына инвестицияларды тарту механизмін жетілдіру екі аспекте – нарықтық және мемлекеттікте қарастырылады.

Ауыл шаруашылығы өндірісінің экономикасына инвестициялық ресурстарды тарту үлгісі инвестициялық ресурстардың 3 негізгі көзін қарастырады, атап айтқанда:

- меншікті капитал, өтелім қоры және кәсіпорын пайдасы есебінен өзін-өзі қаржыландыру;

- қор, банк және институционалдық инвесторлар, басқа кәсіпорындардың несиелері, облигациялық қарыздар, вексель және кепілдер, акционерлік инвестициялау, дизайн, ипотекаға жататын борышқорлық сыртқы қаржыландыру;

- халықаралық қаржы институттары мен ұйымдардың, мемлекеттің, кәсіпорындардың тікелей салымдарынан тұратын тікелей немесе нақты инвестициялар, тікелей инвестициялар, отандық және шетелдік, қоржындық инвестициялар, қаржы инвестициялары, мемлекеттік емес зейнетақы қорлары қара-жаты, инвестициялық қорлар, сақтандыру ұйымдарының инвестициялары.

Қазіргі уақытта көптеген ауыл шаруашылығы құрылымдары өзінің өндірістік әлеуетін тиімсіз қолданады, бұл оларға кеңей-

## Аграрная политика: механизм реализации

тілген ұдайы өндірісті жүргізуге мүмкіндік бермейді: олардың көбісі залалды, баланстары өтімді емес, меншікті қаражаты және ауыл шаруашылығы тағайындауындағы жерді қос-қанда, кепілге несиелену алуға мүлкі жоқ.

Республиканың аграрлық саласын инвестициялық қамтамасыз ету дағдарыстың теріс әсерін төмендетуге қабілетті мемлекеттік қолдаудың өсуін сипаттайды. Демек, 2001-2015 жж ішінде аграрлық салаға саланы жаңғырту және дамыту бойынша шаралар қатарын қабылдаумен байланысты инвестициялық салымдар айтарлықтай өсуімен байқалады. Сонымен бірге ауыл шаруашылығына (аңға шығу, орман және балық шаруашылығын қосқанда) инвестициялардың үлес салмағы олардың жалпы көлемінен 2 % төмен деңгейде сақталады [3].

2001-2015 жж. ішінде аграрлық салаға инвестициялар шамамен 400 млрд теңге

немесе 2,3 млрд. доллар құрайды. Осы кезеңде ІӨ өсуінің орташа жылдық қарқыны 115,1 % құрайды, салаға салынған инвестициялар бойынша – 102,8%. Сонымен қатар инвестициялау нормасы (негізгі капиталдағы инвестициялардың ауыл шаруашылығының жалпы өніміне қатынасы) латенттік өсу үрдісіне ие. Саладағы инвестициялар көлемінің өсуі біркелкі емес жағдаймен сипатталады: инвестициялар тиімділігі ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін халық санын қысқарту және саладағы негізгі қорлар құнының төмендеуі аясында орын алады.

Инвестициялардың негізгі көзі бұрынғыша шаруашылық субъектілерінің қаражаты болып қалып отыр, олардың үлес салмағы жыл сайын 50% артады, республикалық және жергілікті бюджеттен жиынтық қолдау жақсарды, жеке капиталды, бұрынғыша, аграрлық салаға салуға ұмтылмайды (1-кесте).

1-кесте. Ауылшаруашылығының негізгі капиталына инвестициялар көзі, млн теңге

Көрсеткіш	Жыл				
	2011	2012	2013	2014	2015
Инвестиция, барлығы	47975	47143	55973	77772	78675
соның ішінде:					
Республикалық бюджет	5396	11127	11078	13231	4602
Жергілікті бюджет	1417	1453	3388	4258	2385
Шетелдік инвестициялар	4378	1865	72	498	199
Басқа қарыз қаражат	6186	4446	9928	10754	16807
Меншікті қаражат	30598	28252	31507	49031	54682
Ескерту: ҚР Статистика агенттігінің деректері бойынша құрылды					

Инвестиция құрылымы өсімдік шаруашылығында артықшылық сақталатындығын көрсетті. Мұнда еңбек өнімділігі құрылған орта және ірі шаруашылықтар нәтижесінде жоғары, өндірісті айтарлықтай қолдау бар, өсіресе, астық, шаруашылығы дақылдарының негізгі түрлерін (астық, облыс топтары бойынша, май, қант қызылшасы, мақта) сақтандыру сақталады. Сонымен қатар астыққа жоғары баға, өсімдік шаруашылығы өнімін ұзақ сақтау мүмкіндігі, анағұрлым терең қайта өңдеу осы шағын салаға деген жоғары қызығушылықты қамтамасыз етеді. Ауыл шаруашылығы малдарының 80% астам басы үй шаруашылығында шоғырлануы және осы саланың өнімін дамытудың реттелмейтін, бейберекет нарығы, төмен механикаландыру және жем-шөптің жоғары құны кезінде маңызды материалдық және еңбек шығындарының қажеттілігі, үй жануарларын өсірудің

тарихи алғышарттарына қарамастан қаражат тартуды қажет етпейді. Жыл сайын шығындар жаңа объектілер салуға, техника сатып алуға жүзеге асырылады. Сонымен қатар инвестициялар тартуға сыртқы орта бюджеттік шығындармен беріледі. ҚР АШМ бағдарламалары бойынша шығындар барлық шығынның 5% артпайды. Жеңілдік сипатына қарамастан әртүрлі бағдарламалар бойынша жылдық 8-12% -да бюджеттік несиелер беру коммерциялықпен салыстырғанда 15-21%, қарыз шарттары, бұрынғыша, тауар өндірушілер үшін көтерлімеген болып қалып отыр (2-кесте).

Аймақтық мөлшерде қаражаттың негізгі ағыны солтүстік аймақтарға және Астана мен Алматы қалаларына жіберіледі. Осылайша, 2015 жылы Бизнесі дамытудың жол картасы – 2020 бойынша 56 инвестициялық жобалардың негізінен ауыл шаруашылығы малда-



## Аграрная политика: механизм реализации

алу, жеке тұлғалар мен басқалардың сатып алуы. Қаржы ресурстарының жетіспеушілігі салдарынан Қазақстанның аграрлық өндірісі өзінің ресурстық әлеуетін тиімсіз қолданады. Сондықтан ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімі, малдардың өнімділігі төмен боп қалып отыр. Республикада өндірілетін өнім мен азық-түлік олардың толық тұтынуын қамтамасыз етпейді, бұл азық-түлік кәрзең-кесі жинағында импорттың жоғары көлемімен шарттасады [4].

Аграрлық реформа барысында АӨК-тегі инвестициялық үрдісті ұйымдастыру елеулі өзгерді. Қаржы ресурстарын тарту мен пайдаланудың жаңа каналдары қалыптасты. Алайда, тартылатын шетелдік инвестициялар ауқымы инвестициялық мүмкіндіктер мен аграрлық саланың қажеттіліктеріне жауап бермейді. Көптеген ауылдық өндірушілерінің экономикалық жағдайы инвестицияны пайданан қаржыландыруға мүмкіндік бермейді (3-кесте).

3-кесте. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындары қызметінің қаржы-экономикалық көрсеткіштері

Көрсеткіш	Жыл				
	2001-2011	2012	2013	2014	2015
Пайдалы кәсіпорындары, бірлік	1889	2417	2998	1291	399
Залалды кәсіпорындар, бірлік	1513	1531	875	986	309
Жалпы сандағы залалды кәсіпорындардың үлес салмағы	44,5	38,3	22,6	43,4	43,6
Ауыл шаруашылығы өнімдерінің ЖӨ, млрд теңге	633,8	853,3	1121,8	1384,2	1640,2
Ауыл шаруашылығы өнімін іске асырудан пайдалылық деңгейі, %	16,8	20,1	56,2	41,5	16,7
Соның ішінде, өсімдік шаруашылығы	20,2	24,6	67,5	51,9	19,8
Мал шаруашылығы	5,6	7,5	15,5	8,7	8,0

Ескерту: ҚР Статистика агенттігі деректері бойынша құрылды

Агроөнеркәсіптік кешеннің әлеуетінің елеулі төмендеуі болды. Негізгі өндірістік қорлардың ескіру деңгейі критикалық мөлшерге жетті және өтелімдік аударымдар есебінен оларды жаңғырту жүргізуге мүмкіндік бермейді. Залалды кәсіпорындар саны жоғары деңгейде тұр. Азық-түлікті импорттау елеулі артты, ол елдің азық-түлік қауіпсіздігі табалдырығынан артып кетті.

Барлық осы факторлар жиынтығы отандық өндірушілерге ұлттық азық-түлік нарығында ұқсас өнімді шетелдік жеткізушілермен табысты бәсекелестігіне қажетті өндірістің техникалық деңгейін арттыруға мүмкіндік бермейді.

Республиканың АӨК-дегі инновациялық қызмет жағдайын талдау мен бағалау бұл үрдіс айтарлықтай ғылыми әлеуетте белсенділіктің төмен деңгейімен сипатталатындығын көрсетті. Жаңа енгізілімдерді меңгеру негізінен АӨК қайта өңдеу кәсіпорындарында және өнеркәсіптік тұрғысынан дамыған ауыл шаруашылығы құрылымдарында (құс фабрикасы, жылыжай) байқалады.

Инновациялық даму қалдығы, ең алдымен, ауыл шаруашылығы құрылымдарының ауыр қаржы жағдайына, бюджеттік қаржыландыру көздерінен алатын қаражат көле-

мінің жетіспеушілігіне, несиелеудің тиімсіз шарттарына байланысты ғылыми-техникалық және ғылымды көп қажет ететін өнімге төлемге қабілетті сұраныстың күрт төмен-деуімен байланысты. Инновацияға жіберілетін ресурстардың шектеулігі инновациялық қызметтің бағыттары мен субъектілері бойынша артықшылықтарды таңдау мәселесін туғызады. Сонымен қатар енгізілетін қызмет механизмдері мен ғылыми-техникалық ақпаратты тарату, бағалау жүйесі жоқ, ал енгізу құрылымы бар ғылыми мекемелердің өзара қатынасының бұрын әрекет еткен сызбасы бұзылған. Бұл кешен саласының деградациясын қиындатады, өнімнің бәсекелестікке қабілетінің төмендеуінің өзіндік құнының өсуіне әкеледі, ауылдық жерлердің әлеуметтік-экономикалық дамуы тоқтап тұр.

Республика саласында туындаған жағдайды дағдарыстық деп анықтауға болады, өйткені инвестицияны қажет ететін АӨК құрылымдық қайта құру қажеттілігі және инвестицияның төмен деңгейі арасында қарама-қайшылық туындады, олар қаржылай қаражат салуды тиімсіз етеді. Салаға деген туындаған қатынас кезінде оның қарқынды дамуы мен ауыл шаруашылығы еңбегінің

өнімділігі деңгейін арттыру бойынша қойған міндет қиын орындалатын болып табылады.

Қазіргі уақытта ауыл шаруашылығы құрылымын инвестициялаудың меншікті көздері (пайда және өтелім) жаңғырту мен жеткілікті пайданың болмауының төмен үлес салмағында негізгі көз болмайды. Сондықтан ауыл шаруашылығына арналған инвестицияны республикалық және жергілікті бюджеттен демеуқаржы, жеңілдік несиелер, қаржы институттарының қаражаты түрінде жіберу қажет. Содан кейін тауар өндірушілерінің төлем қабілетін қалпына келтіру бойынша меншікті көздер есебінен қорларды жаңғыртуды ынталандыруға көшу қажет.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1 Государственная агропродовольственная программа Республики Казахстан на 2003–2005 годы // Правительственный бюллетень, № 3(3), сентябрь-октябрь. – Астана, 2002. – 495 с.

2 Нұрғалиева А.А., Бейсембаева Г.М., Сартова Р.Б. Ауылдық аудандардың инфрақұрылымын инновациялық жағдайда дамыту // Аграрлық нарық проблемалары.- Алматы.- 2014.- №3.- Б. 27-31.

3 Доцанова А.И. Қазақстан аграрлық секторындағы мемлекеттік реттеу // Аграрлық нарық проблемалары.-Алматы.- 2014.-. №1.- Б.58-64.

4 Нұрғалиева А.А., Мусина А.Ж., Нұрғалиев Е.А. Ауыл шаруашылығындағы өндірістік кәсіпкерліктің ерекшеліктері // Аграрлық нарық проблемалары.- Алматы.- 2014.- №2.- Б.38-43.

### ***Pajdalanylған әdebiетter тізімі***

1 Gosudarstvennaja agroprodovol'stvennaja programma Respubliki Kazahstan na 2003–2005 gody // Pravitel'stvennyj bjulleten', № 3(3), sentjabr'-oktjabr'. – Astana, 2002. – 495 s.

2 Nұrғalіeva A.A., Bejsembaeva G.M., Sartova R.B. Auyldық audandardyң infraqұrylymyn innovacijalyқ zhaғdajda damytu // Agrarlyқ naryқ problemalary.- Almaty.- 2014.- №3.- B. 27-31.

3 Doshhanova A.I. Қазақстан аграрлық секторындағы мемлекеттік реттеу // Аграрлық нарық проблемалары.-Алматы.- 2014.-. №1.- B.58-64.

4 Nұrғalіeva A.A., Musina A.Zh., Nұrғalіev E.A. Auyл sharuashylyryндағы өndiristik kәsipkerliktiң ereکشelikteri // Agrarlyқ naryқ problemalary.- Almaty.- 2014.- №2.- B.38-43.